


«Choso party» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері

Құрметті ата-аналар, 1-5 сынып оқушылары!

Сіздерді «Choso party» мектеп жанындағы лагерьге демалуға шақырамыз! Лагерьдің жұмыс тәртібі: дүйсенбі – жұма күндері, сағат: 09.00-15.00

Жазғы лагерьде ойын-сауық бағдарламалары, сайыстар, викториналар, ойындар ойнатылады.



Жазғы сауықтыру алаңының күн тәртібі

08.45–09.00- Балаларды қарсы алу

09.00-09.15 - Таңғы сап түзеу

09.15-09.30 - Жаттығу

09.30-09.50 Денсаулық минуты

10.00-11.00 –Тәлімгерлер сағаты

11.00-13.00- Бүгінгі күннің атаулы мерекелік іс-шарасы, танымдық-шығармашылық жұмыстар.

13.00-13.20 Түскі ас

13.20-15.00 «Біл! Үйрен! Көрсет!»

(саяхаттар, шығармашылық жұмыстар, сайыстар, танымдық ойындар, мерекелерге дайындық, мерекелер)

«Choco party» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінің бағдарламасы

Мақсаты:

Бастауыш сынып оқушыларының демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және сауықтыруын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- 1) Мектепте оқушылардың сауықтыру мен демалысын ұйымдастыру.
- 2) Оқушылардың бос уақытын қызықты ұйымдастыру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- 3) Ұжымдастыққа тәрбиелеу, коммуникативтік білікті, рухани қасиеттерді дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

1. Балалардың денсаулығы нығаяды және жеке гигиена дағдыларына үйренеді.
2. Түрлі шараларға қатысу арқылы балалардың табиғи қабілеттері ашылып, шығармашылығы дамиды.
3. Мейірімділікке, өзін-өзі сыйлауға, бір-біріне қолдау көрсетуге үйренеді, достық қарым-қатынастары қалыптасады.
4. Оқушылардың спортқа және дене шынықтыру сабақтарына қызығушылықтары артады.
5. Табиғат аясында, көлікте, көшеде және қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін үйренеді.



Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 ЖББМ» КММ «Толағай» жазғы лагері
жұмысының жоспары

I-маусым

Күні	Іс- шаралар	Өткізілетін орны	Жауапты
03.06	1. «Толағай» мектеп жанындағы жазғы демалыс алаңының ашылуына мерекелік концерт. Топтың атын сайлау, төсбелгілер ойлап табу Музыкалық сағат. (отрядтың әндерін үйренуі) 2. «Түрлі-түсті арман» атты асфальтқа сурет салу байқауы 3. «Көңілді» флешмоб 4.Лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәлімгер Лагерь ұжымы
04.06	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні» 1.«Егемен елдің белгісі» мерекелік бағдарлама 2.Егемен елдің ұланы» спорттық-патриоттық іс-шара 4.Алғашқы көмек туралы мидбекемен әңгімелесу	Мектеп ғимараты, спорт залы, мектеп ауласы	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру мұғалімі Медбике
05.06	«Бақытты балалық шақ» 1.«Әрқашан күн сөнбесін» тілек айту сағаты 2. «Бақытты балалық шақ» сурет салу	Мектеп ғимараты	Тәлімгер Тәрбиешілер

	3. Қауіпсіздік ережесі «Егер мен үйде жалғыз болсам»		
06.06	«Өнер күні» 1.«Ізгілік шуағы» тренинг 2.«Әуен толқынында» әуенді тап ойыны 3. «Жұлдызды дода» пародия сайысы	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәлімгер Тәрбиешілер Психолог
07.06	Спорттық ойындар жарысы 1.Табиғат аясына серуен (спорттық жарыстар, ойындар, спорттық эстафета) 2. «Менің отбасым» тақырыбында сурет салу байқауы 3. Қауіпсіздік уақыты «Өрт болған жағдайда»	Мектеп ғимаратының спорт залы, мектеп ауласы	Тәрбиешілер Дене шынықтыру мұғалімі
10.06	«Ертегілер әлемінде» ертегі кейіпкерлері күні 1. Кітапханаға экскурсия 2.Ертегілер әлеміне саяхат(ертегілер) кейіпкерлерді бейнелеу 3. Қауіпсіздік уақыты «Жол қауіпсіздік ережесі»	Мектеп ғимаратының ауласы, қалалық кітапханаға саяхат	Тәлімгер Тәрбиешілер
11.06	«Алтын қазынаны іздеу күні» 1.«Алтын қазына» ойыны 2. «Филфорд» сөзжұмбақ сайысы 3.«Есте сақта» ойыны 4. Көңілді би кеші	Мектеп ғимаратының спорт залы, мектеп ауласы	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру
12.06	«Қолөнер күні» 1.«Шынығамыз бәріміз» спорттық сайыс 2. «Шебер қолдар» ·Ұлдар: пластилин, пластиктен мүсіндер жасау; ·Қыздар: қуыршаққа	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру

	киімдер тігу, шашқа арналған бұйымдар жасау; 3.«Мен болашақ дизайнермін» қыздар арасындағы сурет сән көрмесі.		
13.06	«Таза ауа күні» 1.Табиғат аясына серуен 2. Мұражайға саяхат 3. Ұлттық ойындар	Мектеп ғимаратының ауласы, спорт залы, қалалық мұражай	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру
14.06	Жабылу салтанатына меркелік концерт «Толағай» жазғы лагерінің 1. «Маусым Ханшайымы» сайысы	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәлімгер Тәрбиешілер Лагерь ұжымы

Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 ЖББМ» КММ «Толағай» жазғы лагері

жұмысының жоспары

II- маусым

Күні	Іс- шаралар	Өткізілетін орны	Жауапты
18.06.	«Бақытты балалық шақ» 1.Лагерьдің салтанатты ашылуына мереклік іс-шара. Әр топқа топтың атын сайлау, төсбелгілер ойлап табу Музыкалық сағат. (отрядтың әндерін үйренуі) 2.«Бақытты балалық шақ» атты асфальтқа сурет салу сайысы 3.Лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәлімгер Лагерь ұжымы
19.06.	«Туған жер тарихына саяхат» 1.«Қазына іздеуде» «Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» мұражайына саяхат 2. Логикалық қызықты тапсырмаларға жауап іздеу ойыны 3. Шынықтырып денені...» топтық спорт сайысы 4. Қауіпсіздік ережесі «Егер мен үйде жалғыз болсам»	Мектеп ғимаратының ауласы, спорт залы, қалалық мұражай	Тәрбиешілер Дене шынықтыру
20.06.	«Білімді ұландар» күні 1.«Көңілді жаз» тренингі 2. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы 3. «Кубик-рубик» 3. Қауіпсіздік уақыты «Жол қауіпсіздік ережесі»	Мектеп ғимараты, I қабат	Тәрбиешілер Тәлімгер Психолог
21.06.	«Астана» күні	Мектеп	Тәрбиешілер

	1. «Арайлы Астана» әндер байқауы 2. «Астана- сүйікті қалам» сурет салу сайысы «Кел ойнайық» кітапханаға экскурсия 3. Спорттық ойын 4. Жеке гигиена туралы мидбекемен әңгімелесу	ғимаратының ауласы, спорт залы, қалалық кітапханаға саяхат	Тәлімгер Медбике Дене шынықтыру
24.06.	«Желден жүйрік, таудан алып» 1.«Әншілерді танысың ба?» музыкалық ойын 2. «Бой жазайық, кел,ойнайық!»	Мектеп ғимаратының спорт залы, мектеп ауласы	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру
25.06.	«Кім болам?» 1. Кім болам? сурет салу сайысы 2. Математикалық ойындар. 3.Қалалық саябаққа саяхат	Мектеп ғимаратының ауласы, қалалық саябағына саяхат	Тәлімгер Тәрбиешілер
26.06.	«Достық күні» 1. «Досыма хат» хат жазу 2.«Менің сүйікті мульткейіпкерім» сурет салу сайысы 3. «Біз жүйрікпіз, шапшаңбыз» эстафеталық жарыс	Мектеп ғимаратының спорт залы, мектеп ауласы	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру
27.06.	«Сиқырлы сандық» квест ойыны 1.«Жерім менің ұрпаққа қалар мұрам» зияткерлік ойын, әуенді тап ойыны 2. «Шебер қолдар» әр түрлі заттармен бұйымдар жасау 3. «Спорт-денсаулық кепілі» спорттық жарыстар	Мектеп ғимаратының спорт залы, мектеп ауласы	Тәлімгер Тәрбиешілер Дене шынықтыру
28.06.	Жабылу салтанаты	Мектеп	Тәлімгер

	«Толағай» жазғы лагерінің 1.«Мисс лагерь 2024» сайысы 2. «Болашақ жастардікі» флешмоб	ғимараты, I қабат	Лагерь ұжымы
--	---	----------------------	--------------

Мектеп жанындағы лагерь Ережесі

Жалпы ережелер

Ата-аналар (заңды өкілдері) өтініші бойынша жазғы кезеңде балаларды күндізгі уақытта қабылдайтын мектеп жанындағы лагерь құрылады.

Лагерь қызметі мекеме Жарғысымен, білім алушылардың тәртіп Ережесімен, осы Ережемен регламенттенеді.

2. Қызметтің мазмұны және ұйымдастырылуы

2.1. Мектеп жанындағы лагерь мекеме бойынша бұйрық негізінде ашылады және 1-5 сынып оқушыларынан толықтырылады.

2.2. Лагерьде санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер, техника қауіпсіздік ережесі қатаң сақталады.

2.3. Лагерь жұмыс мазмұнының жоспары демократия және гуманизм қағидалары, дербестік және ынтаны дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша құрылады.

2.4. Лагерьде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбек тәрбиесі, спорт- сауықтыру жұмысын жүзеге асыру үшін жағдай жасалады.

2.5. Лагерь ұжымы өз бетімен күн тәртібін және қызмет бағдарламасын белгілейді.

3. Кадрлармен қамтамасыз ету

3.1. Мекеменің бұйрығы бойынша мекеменің педагогикалық қызметкерлері арасынан лагерь бастығы, тәрбиешілер тағайындалады.

3.2. Лагерь бастығы лагерь жұмысын басқарады, балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікті алады, құжаттарды жүргізеді.

3.3. Тәрбиешілер лагерь жоспары бойынша тәрбие жұмысын жүзеге асырады, іс-шаралар өткізеді, күн тәртібін, тәртіп қауіпсіздік ережесі, өрт қауіпсіздік ережелері сақталуын қадағалайды.

4. Балалардың өмірі және денсаулығын қорғау

4.1. Лагерь бастығына, тәрбиешілерге балалардың лагерьде болған уақыттағы өмірі мен денсаулығына жауапкершілік жүктеледі.

4.2. Лагерьде қызмет жасайтын педагогикалық қызметкерлер және балалар

тәртіпті, күн тәртібін, тәрбие жұмысының жоспарын, техника қауіпсіздігін және өрт қауіпсіздік ережелерін қатал түрде сақтаулары қажет.

4.3. Лагерь бастығы техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулар қызметкерлерге, ал тәрбиешілер – балаларға өткізеді, нұсқаудан өткендер қол қояды.

4.4. Саяхаттар мен экскурсиялар білім беру мекеменің директорының сәйкес нұсқауы негізінде ұйымдастырылады.



Түсінік хат

Бағдарламаның әлеуметтік – педагогикалық орындалуы. Соңғы жылдары жазғы сауықтыру алаңын ұйымдастыруға көп көңіл бөлінуде. Көптеген жанұялардың әлеуметтік және экономикалық тұрмыстары қиындауда, сондықтан олар балаларды тәрбиелеп, сауықтыруда үлкен жауапкершілік орындайды. Сауықтыру алаңы балалардың тұлғалық дағдыларын қалыптастырады. Жазғы демалыс бүгінгі таңда тек әлеуметтік жағынан қорғауға ғана емес, шығармашылық дамуын, интеллектуалдық және жан әлемін байытады. Жыл сайын оқушылар үшін бастауыш сыныптар арасында сауықтыру алаңы күндізгі ауысымда өткізіледі. Бұл сауықтыру алаңына міндетті түрде бастауыш сынып оқушылары қатысады.

